## 2004 жылға арналған республикалық бюджеттік бағдарламалардың паспорттарын бекіту туралы (Қазақстан Республикасының Орталық сайлау комиссиясы)

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2003 жылғы 26 желтоқсандағы N 1327 қаулысы

"Бюджет жүйесі туралы" Қазақстан Республикасының 1999 жылғы 1 сәуірдегі Заңына сәйкес Қазақстан Республикасының Үкіметі қаулы етеді:

1. 418, 419-қосымшаларға сәйкес Қазақстан Республикасы Орталық сайлау комиссиясының 2004 жылға арналған республикалық бюджеттік бағдарламаларының паспорттары бекітілсін.

2. Осы қаулы 2004 жылғы 1 қаңтардан бастап күшіне енеді.

*Қазақстан Республикасының Премьер-Министрі*

Қазақстан Республикасы
Үкіметінің
2003 жылғы 26 желтоқсандағы
N 1327 қаулысына
418-қосымша

Ескерту. 418-қосымшаға өзгеріс енгізілді - ҚР Үкіметінің 2004.06.17. N 197е қаулысымен .

Ескерту. 418-қосымшаға өзгеріс енгізілді - ҚР Үкіметінің 2004.06.23. N 197К қаулысымен .

690 - Қазақстан Республикасының Орталық сайлау комиссиясы
Бюджеттік бағдарламаның әкімшісі

### 2004 жылға арналған "Сайлау өткізуді ұйымдастыру" деген 001 республикалық бюджеттік бағдарламаның Паспорты

1. Құны: 1660568 мың теңге (бір миллиард алты жүз алпыс миллион бес жүз алпыс сегіз мың теңге). <*>

2. Бюджеттік бағдарламаның нормативтік құқықтық негізі: 1995 жылғы 30 тамыздағы Қазақстан Республикасының Конституциясы , Қазақстан Республикасының 1995 жылғы 28 қыркүйектегі "Қазақстан Республикасындағы сайлау туралы" Конституциялық заңы , Қазақстан Республикасының 1999 жылғы 23 шілдедегі " Мемлекеттік қызмет туралы" Заңының 21, 22, 23, 24 және 25-баптары , Қазақстан Республикасының "Мемлекеттік сатып алулар туралы" 2002 жылғы 16 мамырдағы Заңы , Қазақстан Республикасының " 2004 жылға арналған республикалық бюджет

туралы" 2003 жылғы 5 желтоқсандағы Заңы , Қазақстан Республикасы Президентінің 1996 жылғы 11 қарашадағы N 3205 Жарлығымен бекітілген Қазақстан Республикасының Орталық сайлау комиссиясы туралы Ереже, Қазақстан Республикасы Үкіметінің "Қазақстан Республикасы Орталық сайлау комиссиясының аппараты штатының саны туралы" 1998 жылғы 29 қазандағы N 1108 қаулысы, "Сайлаушылардың тізімін жасаудың, дауыс беруді өткізудің, дауыс беру қорытындыларын айқындаудың және сайлау нәтижелерін анықтаудың автоматтандырылған ақпараттық жүйесін құру жөніндегі іс-шаралар жоспарын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Премьер Министрінің 2004 жылғы 17 наурыздағы N 69-ө өкімі.

3. Бюджеттік бағдарламаны қаржыландыру көздері: республикалық бюджеттің қаражаты.

4. Бюджеттік бағдарламаның мақсаты: Қазақстан Республикасының Орталық сайлау комиссиясы аппаратының, жүктелген міндеттерді барынша тиімді атқаруына қол жеткізуі үшін, қызметін қамтамасыз ету, мемлекеттік қызметкерлердің, қойылатын біліктілік талаптарына сәйкес, өздерінің лауазымдық міндеттерін тиімді орындау және кәсіби шеберліктерін жетілдіру үшін кәсіби қызмет саласындағы оқыту бағдарламалары бойынша біліктілігін көтеру, теориялық және практикалық білімдерін, икемділігі мен ептілігін жаңарту.

5. Бюджеттік бағдарламаның міндеттері: Қазақстан Республикасының Орталық сайлау комиссиясы аппаратын қамту, Парламент депутаттарының және мәслихаттар депутаттарының сайлауларын әзірлеу мен өткізуді ұйымдастыру, комиссияны материалдық-техникалық жарақтандыру,оқулық семинар өткізу, мемлекеттік қызметшілердің кәсіби біліктілігін көтеру.

6. Бюджеттік бағдарламаны іске асыру жөніндегі іс-шаралар жоспары.

| N п/п | Бағ. дар. лама коды | Кіші бағ. дар. лама коды | Кіші бағдарлама. лардың атауы | Бағдарламаны іске асыру жөніндегі іс-шаралар | Іске асыру мерзімі | Жауапты орындау. шылар |
|---|---|---|---|---|---|---|
| 1 | 2 | 3 | 4 | 5 | 6 | 7 |
| 1 | 001 | | Сайлау өткізуді ұйымдастыру | | | |
| 2 | | 001 | Орталық органның | Қазақстан Республикасы | жыл бойы | Қазақстан Республи. |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | | аппараты | Орталық сайлау комиссиясы аппаратын бекітілген саны 46 бірлік штат кестесіне сәйкес қамту. Саны 2 автомашина қызметтік автокөлікті қамту және жалдау. Бағдарламаларды сүйемелдеу, саны 46 дана компьютерге, саны 30 дана принтерге, саны 3 дана ксероксқа, саны 3 дана факске техникалық күтім көрсету жөндеуден өткізу. Оқулық семинар өткізу. | | касының Орталық сайлау комиссиясы |
| 3 | 007 | Мемлекеттік қызметшілердің біліктілігін арттыру | Бекітілген біліктілік көтеру жоспарына сәйкес мемлекеттік қызметшілердің біліктілігін көтеру оның ішінде мемлекеттік тілді оқыту жөніндегі қызметтерді сатып алу. Курстарды өтетін мемлекеттік қызметшілердің орташа жылдық саны - 25 адам. | жыл бойы | Қазақстан Республикасының Орталық сайлау комиссиясы |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| 4 | 009 | Мемлекеттік органдарды материалдық-техникалық жарақтандыру | Жиһаз сатып алу: жазу столдары - 16 дана, жалғап қоятын столдар - 16 дана, құжаттар үшін шкафтар - 16 дана, креслолар - 16 дана, мұрағат үшін металдан жасалған шкафтар - 6 дана, сейфтер - 16 дана. | жыл бойы | Қазақстан Республи. касының Орталық Сайлау комиссиясы |
| 5 | 100 | Сайлау өткізу | Парламент Мәжілісінің 77 депутатының кезекті сайлауын, шығып қалғандардың орнына Парламент Сенатының бір депутатының сайлауын және мәслихаттардың 63 депутатының сайлауын әзірлеу мен өткізуді ұйымдастыру. Қазақстан Респуб-ликасы азаматының жеке басын куәлан-дыратын құжаттарға бір өлшемді штрих-код енгізу жөніндегі қыз-меттерді сатып алу. | жыл бойы | Қазақстан Республи. касының Орталық сайлау комиссиясы |

7. Бюджеттік бағдарламаны орындаудан күтілетін нәтижелер: Орталық сайлау комиссиясына жүктелген міндеттерді сапалы және уақтылы орындау, мемлекеттік қызметшілердің, осы заманғы экономикалық жағдайларға сәйкес, кәсіби мемлекеттік қызметтің талаптарына сай біліктілік деңгейін көтеру.

Қазақстан Республикасы
Үкіметінің

2003 жылғы 26 желтоқсандағы
N 1327 қаулысына
419-қосымша

Ескерту. 419-қосымшаға өзгеріс енгізілді - ҚР Үкіметінің 2004.06.17. N 197е , 2004.12.24. N 197ат қаулысымен.

690 - Қазақстан Республикасының Орталық сайлау комиссиясы
Бюджеттік бағдарламаның әкімшісі

**2004 жылға арналған**
**"Сайлау" автоматтандырылған ақпараттық жүйесін құру"**
**деген 002 республикалық бюджеттік бағдарламаның**
**Паспорты**

1. Құны: 1913200 мың теңге (бір миллиард тоғыз жүз он үш миллион екі жүз мың теңге).

2. Бюджеттік бағдарламаның нормативтік құқықтық негізі: Қазақстан Республикасының 1995 жылғы 28 қыркүйектегі "Қазақстан Республикасындағы сайлау туралы" Конституциялық заңы , Қазақстан Республикасының "Мемлекеттік сатып алулар туралы" 2002 жылғы 16 мамырдағы Заңы, "Электрондық құжат және электрондық цифрлық қолтаңба туралы" 2003 жылғы 7 қаңтардағы Заңы , Қазақстан Республикасының "Ақпараттандыру туралы" 2003 жылғы 8 мамырдағы Заңы .

3. Бюджеттік бағдарламаны қаржыландыру көздері: республикалық бюджеттің қаражаты.

4. Бюджеттік бағдарламаның мақсаты: сайлау үдерісін жетілдіру, сайлауды өткізудің мөлдірлігін қамтамасыз ету мақсатында "Сайлау" автоматты ақпараттық жүйесін жасау.

5. Бюджеттік бағдарламаның міндеттері: "Сайлау" автоматты ақпараттық жүйесін жасау, ендіру және техникалық жабдықтау.

6. Бюджеттік бағдарламаны іске асыру жөніндегі іс-шаралар жоспары.

| N п/п | Бағ. дар. лама коды | Кіші бағ. дар. лама коды | Кіші бағдарлама. лардың атауы | Бағдарламаны іске асыру жөніндегі іс-шаралар | Іске асыру мерзімі | Жауапты орындау. шылар |
|---|---|---|---|---|---|---|
| 1 | 2 | 3 | 4 | 5 | 6 | 7 |
| 1 | 002 | | "Сайлау" | 1. Арнайы жабдық. | жыл | Қазақстан |

| | | |
|---|---|---|
| автоматтандырылған ақпараттық жүйесін құру | тар сатып алу: штрих-кодтар сканері -3550 бірлік, дауыс беру пульті -24111 бірлік, шолу электрондық таблосы -7100 бірлік, ИҚ-портты дауыс беру жинақы терминалдарын жинаушы -3550 бірлік, СОМ-порттарды кеңейткіш -3400 бірлік, ЭЦҚ қалыптастыру жабдығы -3621 бірлік, штрих-кодтардың жылжымалы сканері - 3550 бірлік, дауыстарды жинақтағышы бар дауыс беру пульті - 3550 бірлік, штрих-кодтарды тексеру құрылғысы - 3550 бірлік. 2. Есептеу техникасын сатып алу: кластер (дискілі жинаушысы, ленталық кітапханасы және лицензиялық қамтамасыз етуі бар 2 сервер) | бойы Республикасының Орталық сайлау комиссиясы |

-1 комплект сервер -15 бірлік, компьютер -3596 бірлік, принтер -3585 бірлік, үздіксіз қуаттандыру көзі -3630 бірлік, маршрутизатор -16 бірлік, модем -3550 бірлік, концентратор - 16 бірлік, ноутбук - 6 бірлік.

3. Лицензиялық бағдарламалық қамтамасыз етуді сатып алу Oracle 9i Database Enterprise - 50 лицензия, Oracle 9i Database Standart Edition - 65 лицензия, Oracle 9i Lite - 800 лицензия.

4. Транспорттық ортаны жобаны іске асыру шегінде ұйымдастыру (телекоммуникация қызметтері).

5. Кілттерді сертификаттаудың аппараттық-бағдарламалық кешенін сатып алу.

6. Жүйеге әкімшілік ету.

7. Бюджеттік бағдарламаны орындаудан күтілетін нәтижелер: Сайлауларды ұйымдастыру және өткізу үрдісін автоматтандыру, олардың мөлдірлігін және бақылауына қол жеткізу, азаматтардың сайлау құқықтарын қамтамасыз ету.

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК